



plans.label.author: Бекмурзаева Гулнара Альмахановна

plans.label.category: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

plans.label.class: 3- сынып

plans.label.section: Сөз артында сөз (ортақ тақырып: «Жақсы деген не, жаман деген не?»)

plans.label.theme: Мәтінді пішімдеу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру 3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; 3.2.1.2 қаріпті пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі, түзету); 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асырады. Көптеген оқушылар: мәтіндерді пішімдейді және пішімдеу батырмаларымен жұмыс жасай алады. Кейбір оқушылар:мәтінді ерекшелеу жұмыстарын жүргізе алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Пішімдеу, көшіру, қиып алу. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Мәтінді қалай пішімдеуге болады? Мәтін бөліктерін ерекшелеу әдістері қандай? Алмасу буфері қандай қызмет атқарады?
Бағалау критерийлері:	мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асырады. мәтіндерді пішімдейді және пішімдеу батырмаларымен жұмыс жасай алады. мәтінді ерекшелеу жұмыстарын жүргізе алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Көркем еңбек
Бастапқы білім:	Мәтінді теру және өңдеу

plans.stages

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы (6 минут)	«Жалпы ритм» жаттығуы Мақсаты: топтың біртұтастығын арттыру. Өту барысы. Топ мүшелері дөңгеленіп тұрады. Жүргізуші белгілі бір жылдамдықпен ритмді ұлғайта отырып бірнеше рет шапалақтайды, бұл ритмді топ мүшелері де жалғастырып әкетулері керек: жүргізушінің оң жағында тұрған қатысушы бір шапалақтайды, одан кейін екінші қатысушы шапалақтайды, осылай жалғасып кете береді. Бір ритмде тек бір адам ғана шапалақтап тұрған сияқты дыбыс шығару керек. Топқа бөлу 1-топ: «Алғырлар» тобы 2-топ: «Ойшылдар» тобы 3-топ: «Даналар» тобы Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) □ Мәтіндік редакторлардың қызметін ата? □ Программаны қалай іске қосамыз? □ Құжат қалай сақталады? □ Неліктен құжатқа арнайы атау беріп сақаймыз? □ Мәтінді не себепті өңдейді? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	«Жалпы ритм» жаттығуы Оқушыларды топтарға бөлуге арналған сөздер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың ортасы (24)	Ширату тапсырмасы. «Күтіңіз және түйіндеңіз» Оқушыларға олардан күткен негізгі сөздерді анықтауға уақыт беріңіз және сол кезде сұрақты басқаша қойыңыз – анық жауапты, азат жолды және т.б. біріктіру арқылы пікірталасты түйіндей отырып, оқушылардан жалпы қорытынды беруді сұраңыз. Жедел жауап. Мәтінді қалай пішімдеуге болады? Мәтін бөліктерін ерекшелеу әдістері қандай? Алмасу буфері қандай қызмет атқарады? Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) Дескриптор: мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асырады. мәтіндерді пішімдейді және пішімдеу батырмаларымен жұмыс жасай алады. мәтінді ерекшелеу жұмыстарын жүргізе алады. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау Оқушылар кезек-кезек көршісінің аттас саусақтарына қолын тигізеді. Бас бармақтан бастайды: Мен саған тілеймін (бас бармағын тигізеді); - Табыс (сұқ саусақ); - Үлкен (ортаңғы); - Барлығында (атаусыз); - Барлық жерде (шынашақ); - Сәлеметсің бе! (алақанын тигізеді).	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмаларына арналған сұрақтар Оқушылар сергіту сәтін жасайды.
Сабақтың соңы (7 минут)	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. «Қар үйіндісі» Біріншіден, оқушылар жеке жауап берулері керек. Кейін жұбы ақылдасып, олардың екі жауабын бір жауап етіп үйлестіреді. Кейін жұптар басқа жұптармен бірігіп, үдерісті қайталайды. Осылайша төрт жауап бір жауап болып біріктіріледі. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. «Қар үйіндісі» тапсырмалары.
Рефлексия (3 минут)	5e29c53fd4493.png Image not found or type unknown	Сабақтағы кері байлананысын постерге жабыстырады.